

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау Комитетімен

2012 жылдың 28 желтоқсанында

к е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау Комитетінің
Төрағасы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2012 жылдың 26 қарашасындағы
№ 27 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2013 жылдың 01 сәуірінен бастап

қолданысқа енгізілді

Қ.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

Маркет–мейкерлер туралы
Қ А Ғ И Д А

Алматы қ.

2012

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағлау комитетімен 2013 жылдың 30 қазанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 23 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 18 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағлау комитетімен 2013 жылдың 04 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 04 қарашасындағы № 27 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 24 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 18 наурызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (52014 жылдың 07 ақпанындағы № 3 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 10 шілдесіндегі № 26 отырыс хаттамасы) қолданысқа енгізілгеннен, келесідей нормалардан басқасы, 2014 жылдың 07 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді:
 - 2 қосымшаның 1.5 тармағына енгізілген, өзгертулер;
 - 2 қосымшаның 1.6-1.8 тармақтарына енгізілген, толықтырулар;
 - 2 қосымшаның 3.2 тармағының 2) тармақшасына енгізілген, өзгертулер;
 - 3 қосымшаның 1.2 тармағына енгізілген, өзгертулер;
 - 3 қосымшаның 1.2.1 тармағымен толықтырылуы;
 - 3 қосымшаның 1.3 тармағына енгізілген, өзгертулер;
 - 4 қосымшаның 1.5 тармағымен толықтырылуы.

4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 11 желтоқсанындағы № 43 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 22 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) мүшелеріне маркет-мейкер мәртебесін беру және мәртебеден айыру тәртібін анықтайды, сондай-ақ, Биржадағы маркет-мейкерлердің қызметтерін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейді.

1 бап. Ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"маркет-мейкер"** – қандай да бір атаудағы қаржы құралдар бойынша баға белгілеулерді үнемі жариялап, қолдауға міндеттеме алған және осы мәртебеден туындайтын барлық қызметтерді атқаратын, Биржа оны қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері ретінде мойындаған, Биржа мүшесі;
 - 2) **"ең үздік міндетті баға белгілеу"** – ағымдағы кезеңде маркет-мейкердің қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) барлық белсенді міндетті баға белгілеулерінде көрсетілген бағасы әлеуетті қарсы агент үшін ең ұтымды болып табылатын, осы маркет-мейкердің жариялаған міндетті баға белгілеуі;
 - 3) **"міндетті баға белгілеу"** – маркет-мейкердің өз міндеттерін орындауы аясында сауда жүйесіне ұсынған қаржы құралдарын сатып алуға және (сатуға) өтінімі және осы өтінім шарттары негізінде оның мәміле жасауға сөзсіз келісімі; немесе
ағымдағы уақыттағы маркет-мейкердің өз міндеттерін орындауы аясында сауда-саттық жүйесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралын сатып алу (сату) бойынша бір бағамен берген барлық белсенді өтінімдері, маркет-мейкердің осы өтінімдердің шарттарымен мәміле жасауға сөзсіз келісімі болып табылады;
 - 4) **"спрэд"** – қандай да бір маркет-мейкердің қандай да бір қаржы құралын сатып алуға және сатуға ең ұтымды міндетті баға белгілеулерінде көрсетілген бағаларының арасындағы айырмашылық;
 - 5) **"тайм-аут"** – сауда-саттық сессиясы (сауда-саттық күні) шегінде қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеулерінің жаңа мәндерін жариялау үшін маркет-мейкерге берілетін және маркет-мейкерге осы атаудағы қаржы құралдары бойынша өз міндеттерін орындамауға рұқсат етілетін уақыт аралығы;
 - 6) **"сауда-саттық сессиясы"** – егер сауда-саттық күні жеке бөліктерден тұрса, сауда-саттық күнінің бір бөлігі; немесе
жеке бөліктерге бөлінбесе, сауда-саттық күні;
 - 7) **"сауда-саттық күні"** – барлық қаржы құралдары үшін немесе жеке топтар үшін күнтізбелік күн шегінде Биржа белгілеген кезең, осы кезең барысында сауда-саттық жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасалуы мүмкін.
2. Осы Қағидада пайдаланылған өзге ұғымдар, Биржаның ішкі құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ұғымдарға ұқсас.
3. Осы Қағиданың мақсаттары үшін маркет-мейкердің маманданымы деп, осы Қағиданың негізгі мәтінінде белгіленген талаптар, құқықтар, міндеттер, тыйымдар, шектеулер, ерекше шарттар, жеңілдіктер (преференциялар) және өзге де шарттарына қосымша болып табылатын қандай да бір түрдегі (атаудағы) немесе бірнеше ұқсас түрдегі (атаудағы) қаржы құралы бойынша маркет-мейкерлерге қойылатын талаптар, құқықтар, міндеттер, тыйымдар, шектеулер, ерекше шарттар, жеңілдіктер (преференциялар) және өзге де шарттардың жиынтығы деп түсіну керек.

Маркет-мейкердің маманданымы осы Қағиданың ажырамас бөлігі болып табылып, оның Қосымшасы ретінде рәсімделеді.

4. Осы Қағиданың мақсаттары үшін уәкілетті орган деп бағалы қағаздар нарығында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын органды түсіну керек.

2 бап.

Маркет-мейкерлер туралы жалпы қағидалар

1. Биржа мүшесі өзінің Биржадағы мүшелік санатына сәйкес Биржа өткізетін сауда-саттықта мәміле жасауға құқылы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін алуға құқылы.
2. Егер өзгесі маркет-мейкерлердің маманданымында белгіленбесе, Биржа мүшесі қаржы құралдарының шектелмеген саны бойынша (осы баптың 1 тармағындағы және осы Қағиданың 3 бабының 3 тармағындағы шектеулерді ескере отырып) маркет-мейкер бола алады.
3. Егер өзгесі маркет-мейкерлердің маманданымында белгіленбесе, қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі бірнеше Биржа мүшелеріне берілуі мүмкін.
4. Биржа мүшесінің қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі болуы осы Биржа мүшесіне басқа атаудағы қаржы құралдары бойынша қосымша құқықтар бермейді және Осы Биржа мүшесіне басқа атаудағы қаржы құралдары бойынша қосымша міндеттемелер жүктемейді және шектеулер орнатпайды.
5. Маркет-мейкер ретінде қызметтерді жүзеге асырғанда, Биржа мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасының және Биржа мүшелерінің этикасының нормаларын басшылыққа алуы тиіс.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесі, осы Қағиданың негізгі мәтінінде және осы Биржа мүшесіне қатысты қолданылатын маркет-мейкердің маманданымында белгіленген міндеттерін, тыйымдарын, шектеулерін, ерекше шарттарын адал және толық орындауы тиіс.

6. Биржа мүшесі қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен, осы Қағиданың 4 бабында белгіленген тәртіпте, өз еркімен бас тартуға құқылы, бұл ретте осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінде қызмет ету мерзімі, осы Биржа мүшесіне осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешімінің қабылданған күнінен бастап, кемінде 30 күнтізбелік күнді құрауы тиіс.
7. Биржа мүшесі, осы Қағиданың 5 бабында белгіленген тәртіпке сәйкес, маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айырылуы мүмкін.
8. Маркет-мейкер мәртебесін беру, маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тарту себебінен айыру, маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды.
9. Қандай да бір ұйымға кез келген атаудағы қаржы құралы бойынша берілген маркет-мейкер мәртебесінің қолданыста болу мерзімі, Биржаның өкілденген органының, осы ұйымға Биржа өткізетін сауда-саттықта осы атаудағы қаржы құралдарымен мәміле жасасуға құқық беретін санат бойынша аталмыш ұйымның Биржадағы мүшелігін уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы шешімі өз күшіне енген күннен бастап, автоматты түрде тоқтатылады.

3 бап. Маркет-мейкер мәртебесін беру

1. Қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін алу үшін Биржа мүшесі, осы Қағиданың 1 қосымшасында берілген үлгі бойынша жазылған, өтінішінің түпнұсқасын, осы Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері міндеттерін орындай бастауды жоспарлаған күннен кемінде үш жұмыс күн бұрын, ұсынуы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

2. Биржа мүшесінің оған қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы өтінішінің түпнұсқасын Биржа алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында Биржа осы Биржа мүшесіне оған осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесі берілгені туралы немесе аталмыш мәртебені беруден уәждеделген бас тарту туралы (осы баптың 3 тармағында белгіленгенді қоспағанда) хабарламасын жолдайды.

Биржа Басқармасының Биржа мүшесіне, Биржаның ресми тізіміне енгізілетін (Биржада айналысқа жіберілетін), қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешімі осы бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізіміне (Биржада айналысқа жіберу) туралы шешімі өз күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күн аралығында, бірақ осы атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы ашылатын күннен кешіктірмей, қабылданады.

Биржа мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы Биржа Басқармасының шешімінде аталмыш мәртебенің қолданысқа енгізілу күні, яғни осы Биржа мүшесіне осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкерінің міндеттерін орындау жауапты бастайтын күн туралы жазу болуы тиіс. Бұл ретте, аталмыш мәртебенің қолданысқа енгізілу күнін Биржа осы Биржа мүшесінің оған қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы өтінішіндегі шарттарынан шыға отырып белгілейді.

Биржа мүшесіне жолданатын оған қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы хабарламасында аталған мәртебенің қолданысқа енгізілу күні туралы жазу болуы тиіс.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі, 2014 жылдың 07 ақпанындағы және 2014 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

3. Егер Биржа мүшесі Биржа Басқармасының шешімімен қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен айырылған болса (соның ішінде аталмыш мәртебеден өз еркімен бас тарту себебімен), осы Биржа мүшесінің оған осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы жаңа өтініші, осындай шешім қабылданған күннен кейін кемінде 30 күнтізбелік күннен кейін Биржамен қарастырылады.

4. Биржа келесі негіздердің кез келгені бойынша, Биржа мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беруден бас тартуға құқылы:

1) осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы өтінішінің осы Қағиданың 1 қосымшасында берілген үлгіге сәйкессіздігіне байланысты

2) осы Биржа мүшесі, оған аталмыш мәртебе беру туралы өтінішінің түпнұсқасын берген күннен бұрын қатарынан 12 ай бойы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының және/немесе Биржаның бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау, және/немесе жосықсыз тәртібі, және/немесе инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану бөлігіндегі нормаларын орындамағаны;

- 3) осы Биржа мүшесінің қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша меркет-мейкер міндеттерін (осы Қағиданың 7 бабының 1 тармағының екінші абзацында меркет-мейкердің міндеттерін орындамау жағдайы анықталғандай) тұрақты қайталанған (соңғы қатарынан 12 ай барысында екі және одан көп рет) орындамауы.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы және 2014 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

- 4-1. Осы баптың 4 тармағында анықталған жағдайлардан басқа, Биржа мүшесінің оған меркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтінішінің түпнұсқасын Биржа алған күннен қатарынан 12 ай барысында осы Қағидада және осы Биржа мүшесіне қатысты қолданылатын меркет-мейкердің маманданымдарында белгіленген кез келген талаптарды, тыйымдарды, шектеулерді және ерекше шарттарды бұзса, Биржа өз мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша меркет-мейкер мәртебесін беруден бас тартуға құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).*
5. Биржа Басқармасы Биржа мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері мәртебесін беруі туралы шешімін қабылдаған күні, Биржа уәкілетті органға аталмыш шешімді қабылдағаны туралы хабарлама жолдап, осындай шешімнің қабылданғаны туралы өз интернет-сайтында (www.kase.kz) тиісті жаңалығын жариялайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

4 бап.

Маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тарту

1. Биржа мүшесі қандай да бір атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тартуы үшін осы Биржа мүшесінің атқарушы орағының мүшесі болып табылатын өкілетті тұлғасымен (осы Биржасының атқарушы органының функциясын жеке дара атқаратын, тұлғамен) қол қойылған, осы Биржа мүшесінің мөрі басылған, еркін түрде жазылған хатының түпнұсқасын, осы хатта осы атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері міндеттерін атқаруды тоқтатуының қалаған күні туралы жазу болуы тиіс, Биржаға ұсынады. Бұл ретте бұндай күнді осы Биржа мүшесі дербес түрде, осы Қағиданың осы бабының 2 тармағындағы және 2 бабының 6 тармағындағы арттардан шыға отырып, анықтайды.
2. Биржа мүшесі қандай да бір қаржы құралы бойынша меркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартуы туралы хабарламасы берілген датасына қарамастан және Биржа мүшесі қандай да бір қаржы құралы бойынша меркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартуды белгілеген датасына қарамастан, осы Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері міндеттерін, Биржа аталған хабарламасын кіріс хат-хабар ретінде тіркеген күннен кейін кемінде үш сауда-саттық күн бойы, орындауы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*
3. Биржа мүшесі қандай да бір атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас татуы туралы хабарламасын алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында осы Биржа мүшесіне осы атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тартуы себебінен айыру туралы хабарлама жолдайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы және 2014 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).*

Қандай да бір атаудағы қаржы құралының меркет-мейкері мәртебесінен осы мәртебеден өз еркімен бас тартуы себебінен айыру туралы Биржа Басқармасының шешімінде аталған мәртебенің күшін жою күні, яғни, осы атаудағы қаржы құралы бойынша меркет-мейкер мәртебесін орындаудан

босатылатын күні белгіленуі тиіс. Бұл ретте аталмыш мәртебенің күшін жою күнін Биржа осы баптың 2 тармағындағы және осы Қағиданың 2 бабының 6 тармағындағы шарттарды ескере отырып, осы Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін орындаудады тоқтатуды көздеген қалау күнін ескере отырып, анықтайды.

Биржа мүшесіне жолданатын қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тарту себебінен айыру туралы Биржаның хабарламасында аталған мәртебенің күшін жою күні туралы жазба болуы тиіс.

4. Биржа Басқармасы өз мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тартуы себебінен айыру туралы шешім қабылдаған күні, Биржа уәкілетті органға қабылданған шешімі туралы хабарлама жолдайды, сондай-ақ осы шешім туралы өз интернет-сайтында (www.kase.kz) жаңалық жариялайды (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

5 бап. Маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру

1. Биржа Басқармасы Биржа мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы шешімді келесідей бір немесе бірнеше негіздемелер бойынша қабылдауға құқылы:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Биржаның ішкі құжаттарының өзгеруі себебінен, осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері ретінде әрі қарай қызмет етуі мүмкін емес болатындай жағдайдың туындауы (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 2) осы Биржа мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының және Биржа мүшесінің этикасының нормаларын орындамауы;
 - 3) Биржа мүшесінің кез келген атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері міндеттерін орындамау жағдайының бар болуы (осы Қағиданың 7 бабы 1 тармағының екінші абзацында маркет-мейкердің міндеттерін орындамау жағдайы сияқты) (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 4) Биржа мүшесінің осы Қағиданың мәтінінде және Биржа мүшесіне қатынасты қолданылатын маркет-мейкерлер маманданымында белгіленген талаптар, тыйымдар, шектеулер, ерекше шарттарды орындамауы.
2. Биржа Басқармасының Биржа мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы шешімінде аталған мәртебенің күшін жою күні, яғни, осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін орындаудан босатылатын күні белгіленуі тиіс. Бұл ретте аталмыш мәртебенің күшін жою күнін, Биржа дербес түрде, бұл шешімді қабылдаған күннен бұрын болмауын ескере отырып, анықтайды.
3. Биржа Басқармасы өз мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен мәжбүрлө түрде айыру туралы шешім қабылдаған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында, осы Биржа мүшесіне осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы хабарламасын жолдап, уәкілетті органға қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлама ұсынады, сондай-ақ осы шешім туралы өз интернет-сайтында жаңалық жариялайды.

4. Биржа Басқармасының Биржа мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы шешіміне, аталмыш шешім қабылданған күннен бастап 30 күнтізбелік күн аралығында, Биржалық кеңеске шағымдануға болады.

Биржа Басқармасының қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы шешіміне Биржалық кеңеске шағымдану осы шешімнің қолданыста болуын уақытша тоқтатпайды.

6 бап. Маркет-мейкерлер қызметінің жалпы нормалары

1. Егер өзгесі маркет-мейкерлердің маманданымында белгіленбесе және тайм-аутты пайдалану салдарынан болмаса, қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкерінің мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесі, сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық сессиясы бойы осы атаудағы қаржы құралын сатып алуға кемінде бір міндетті баға белгілеуін және сатуға кемінде бір міндетті баға белгілеуін жариялауы және/немесе қолдауы тиіс; бұл ретте:
 - 1) ең үздік баға белгілеудің көлемі қолданымды маркет-мейкердің маманданымында белгіленген өлшемнен кем болмауы тиіс;
 - 2) спрэд, қолданымды маркет-мейкердің маманданымында белгіленген мәннен, аспауы тиіс;
 - 3) ең үздік міндетті баға белгілеудің бағасы осы атаудағы қаржы құралымен жасалған соңғы мәміленің бағасынан, қолданымды маркет-мейкердің маманданымында белгіленген, мөлшерден аса айырмашылығы болмауы тиіс;
 - 4) міндетті баға белгілеулерді Биржа мүшесі өз есебінен, сондай-ақ клиенттерінің тапсырмаларына сәйкес олардың есебінен (осы тармақтың 5) тармақшасындағы ерекшеліктерді ескеріп) жариялауы және қолдауы мүмкін;
 - 5) міндетті баға белгілеулерді жариялағанда, осы Биржа мүшесіне Растау жүйесі арқылы бақыланатын сауда-саттық шоттарын қолдануға тыйым салынады.

Осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі, 2014 жылдың 07 ақпанындағы және 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген).

Биржа мүшесі міндетті баға белгілеуін жарияланғанда Растау жүйесі арқылы бақыланатын, сауда-шоттарын пайдалануға тыйым салынады.

2. Егер өзгесі маркет-мейкерлердің маманданымында белгіленбесе, Биржа мүшесінің қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері міндеттерін орындауға орай сауда-саттық жүйесіне берілген осы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) өтінімін осы Биржа мүшесі міндетті баға белгілеу немесе маркет-мейкердің өтінімі деп белгілеуі тиіс.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) өтінімі міндетті баға белгілеу немесе маркет-мейкердің өтінімі деп белгіленбесе, бұндай өтінім сауда-саттық жүйесімен Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындауға орай берген өтінімі деп танылмайды.

3. Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі бар, Биржа мүшесі міндетті баға белгілеуінде көрсетілген бағаны, қолданыстағы маркет-мейкердің маманданымында орнатылған спрэдті орындау шартымен (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген тыйымды ескеріп), өзгертуге құқылы.

Сауда-саттық күту тәртіптемесіне ауыстырылған жағдайда, қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесіне жарияланған міндетті баға белгілеуінің, егер аталмыш тәртіптеме ашылған сәтте осы баға белгілеуде көрсетілген бағасы қарсылама өтінімдердегі, соның ішінде осы Биржа мүшесінің берген өтінімдерінің, бағалармен қиылысса немесе ұқсас болса, шарттарын және/немесе параметрлерін өзгертуге немесе жоюға тыйым салынады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

4. Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесі сауда-саттық сессиясы барысында тайм-аутты пайдалануға құқылы, оның максималды ұзақтылығы қолданылатын маркет-мейкер маманданымында анықталады.

Егер өзгесі маркет-мейкерлердің маманданымында анықталмаса, тайм-аутты сауда-саттық сессиясы барысында бөліп алуға болады.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесімен қолданылатын тайм-ауттың нақты ұзақтылығы сауда-саттық сессиясы барысында, осы Биржа мүшесінің осы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер міндеттерін (міндеттер жиынтығын) орындамау жағдайы туындаған сәттен бастап есептеліп, осындай жойылған сәттен бастап уақытша тоқтатылады да, осы Биржа мүшесінің содан кейінгі аталмыш міндетін (міндеттер жиынтығын) орындамау жағдайы туындаған сайын қайта басталып, жаңа жағдай жойылған сәтте қайтадан тоқтатылады.

5. Биржа өткізетін қандай да бір атаудағы қаржы құралдарының сауда-саттығын Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес немесе сауда-саттық жүйесінің жұмысында жаңылыстар пайда болуына байланысты уақытша тоқтатылған жағдайда, осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындау, осындай уақытша тоқтату (жаңылыс) мерзіміне, уақытша тоқтатылады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

7 бап.

**Маркет-мейкердің өз міндеттерін орындамауы немесе бұзуы.
Маркет-мейкерлердің жауапкершілігі**

1. Биржа мүшелерінің маркет-мейкер міндеттерін орындағанда жіберетін айыптарын дифференциациялау мақсатында маркет-мейкердің міндеттерін орындамау немесе бұзу жағдайларды бөледі.

Маркет-мейкердің өз міндеттерін орындамау жағдайы деп қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкердің сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық сессия барысында осы атаудағы қаржы құралын (осы Қағиданың 6 бабының 4 және 5 тармақтарында белгіленгеннен басқа) сатып алуға немесе сатуға баға белгілеулерін жарияламағаны және/немесе қолдамағаны жатқызылады.

Маркет-мейкердің өз міндеттерін орындамау жағдайы деп, қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер осы Қағиданың негізгі мәтінінде белгіленген, италаптарды, тыйымдарды, шектеулерді және ерекше шарттардың кез келгенін және осы Биржа мүшесіне қатысты қолданылатын Маркет-мейкер маманданымының (осы Қағиданың 6 бабының 4 және 5 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді және осы тармақтың екінші абзацында келтірілген анықтамаға келетін жағдайларды қоспағанда) орындамауы тұспалданады.

2. Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесі осы Қағиданың негізгі мәтінінде және осы Биржа мүшесіне қатысты қолданымды маркет-мейкердің маманданымында белгіленген талаптардың, тыйымдардың, шектеулердің және айрықша шарттардың кез келгенін бұзған жағдайда, осындай Биржа мүшесіне келесідей ықпалшаралар немесе олардың комбинациялары қолданылады:
 - 1) осы Биржа мүшесі маманданымда көрсетілген, комиссиялық алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктерге құқығынан айырылады;
 - 2) осы Биржа мүшесіне осы баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес, тұрақсыздық төлемін төлеу міндеті жүктелуі мүмкін;
 - 3) осы Биржа мүшесі, осы Қағиданың 5 бабына сәйкес, маркет-мейкер мәртебесінен айырылуы мүмкін.
3. Биржа мүшесіне қатысты осы баптың 1 тармағында белгіленген ықпалшараны (ықпалшараларды) қолдану туралы шешімді Биржа Басқармасы, Биржа мүшесінің осы Қағиданың негізгі мәтінінде және осы Биржа мүшесіне қатысты қолданымды маркет-мейкердің маманданымында белгіленген талаптарды, тыйымдарды, шектеулерді және айрықша шарттарды бұзу жағдаятының пайда болуы мен өршуінің барлық жағдайларын қарау нәтижелері бойынша, қабылдайды; бұл ретте, аталмыш тармақтың 1) тармақшасында белгіленген ықпалшара, осы Биржа мүшесіне қатысты қолданымды маркет-мейкердің маманданымына сәйкес, сөзсіз қолданылады.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес жағдаяттарды қарау барысында, Биржа Басқармасы, осы Биржа мүшесінің сауда-саттық жүйесіне берген өтінімдерінің барлығын, соның ішінде осы Биржа мүшесінің маркет-мейкердің міндетті баға белгілеуі немесе өтінімі ретінде белгіленбегенін де, зерттейді.
4. Қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесіне қатысты келесідей тұрақсыздық төлемдерін төлету ықпалшарасы қолданылуы мүмкін:
 - 1) АЕК¹ 50-еселі мөлшерде – Биржа мүшесінің осы Қағиданың негізгі мәтінінде және осы Биржа мүшесіне қатысты қолданымды маркет-мейкердің маманданымында белгіленген талаптарды, тыйымдарды, шектеулерді және айрықша шарттардың кез келгенін бұзғаны үшін, егер осы атаудағы қаржы құралы бойынша осындай орындамаушылық жағдаятының (жағдаяттарының) бір сауда-саттық сессиясы барысында ұзақтылығы 60 минуттан асса (осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленгенді қоспағанда);
 - 2) АЕК 200-еселі мөлшерде:

сауда-саттық сессиясы барысында осы атаудағы қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеуді жариялау және/немесе қолдау бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін;

осы Қағиданың 6 бабы 3 тармағының екінші абзацында белгіленген, тыйымды бұзудың әр оқиғасы үшін;

осы Қағиданың 4 бабының 2 тармағында белгіленген шарттарды бұзушылықтың әр сауда-саттық күніне тұрақсыздық төлемі өндіріледі.

¹ Мәні Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарымен тиісті жылдарға бекітілетін, зейнетақылар, жәрдемақылар және өзге де әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеуге арналған, айлық есептік көрсеткіш.

- 3) АЕК 200-еселі мөлшерде – маркет-мейкер міндеттерін орындамаудың әр оқиғасы үшін.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2014 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

Президент

Қ.Қ. Дамитов

Маркет-мейкерлер туралы
қағиданың

1 қосымшасы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Маркет-мейкер мәртебесін беру туралы

Ө Т І Н І Ш

Осы өтінішті беру себебіміз, бізге [өтініш берушінің толық атауы], [дата] бастап [сәйкестендіру деректемелері көрсетілген, қаржы құралының атауы] бойынша маркет-мейкер мәтебесін берулеріңізді сұраймыз.

Биржалық кеңестің шешімімен (2012 жылдың 26 қарашасындағы № 27 отырыс хаттамасы) бекітілген маркет-мейкерлер туралы қағидадан, соның ішінде жоғарыда аталған қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен туындайтын міндеттемелер мен міндеттермен, сондай-ақ осындай маркет-мейкердің жауапкершілігімен танысқанымызды растаймыз.

Аталмыш Қағидаға сәйкес, жоғарыда аталған қаржы құралдары бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялап, қолдауға, сондай-ақ жоғарыда аталған қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін иеленуден туындайтын өзге де міндеттерді орындауға міндеттенеміз.

Лауазымы

[қолтаңбасы]

инициалдары, тегі

[мөрі]

Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің

МАМАНДАНЫМЫ

1 бөлім. МІНДЕТТІ БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.1. Акциялар бойынша міндетті баға белгілеулерін сауда-саттық күннің алғашқы 15 минуты бойы қолдауы тиіс.
- 1.2. Міндетті баға белгілеулерді сауда-саттық жүйесінде күту тәртіптемесі кезеңінде және жабылу аукционын өткізу кезеңінде (осы қағиданың 1.3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) қолдауы тиіс.
- 1.3. Осы қағиданың 1.2 тармағындағы талап орындалды деп сауда-саттық жүйесінде күту тәртіптемесі кезеңі аяқталу (жабылу аукционын өткізу) сәтіне міндетті баға белгілеулер қолданған жағдайда орындалды деп мойындалады.
- 1.4. Егер Биржалық кеңестің шешімімен қандай да бір жеке атаудағы бағалы қағаздарға қатысты өзгесі белгіленбесе, бағалы қағаздардың ең үздік міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі:
 - 1) борыштық бағалы қағаздар бойынша – АЕК 1.000-еселі мөлшерін;
 - 2) үлестік бағалы қағаздар бойынша – АЕК 2.000-еселі мөлшерін құрайды.
- 1.5. Спрэдтің максималды мәні:
 - 1) Биржаның ресми тізімінде ең жоғарғы санат бойынша тұрған, акциялар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін, – осы акцияларды сатып алуға міндетті баға белгілеуінің бағасынан 4,0 % *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) өтімділігі бірінші кластағы² бағалы қағаздар тізімінде тұрған және осы тармақтың 1) тармақшасының талаптары қолданылмайтын, акциялар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін, – осы акцияларды сатып алуға міндетті баға белгілеуінің бағасынан 4,0 % *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) өтімділігі екінші және үшінші кластағы бағалы қағаздардың тізімінде тұрған, және осы тармақтың 1) тармақшасының талаптары қолданылмайтын, акциялардың міндетті баға белгілеулері үшін, сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайлары бойынша – осы акцияларды (пайларды) сатып алуға міндетті баға белгілеуінің бағасынан 5,0 % *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;

² Осы жерде және бұдан әрі бағалы қағаздардың өтімділік класы, Биржа Басқармасының 2009 жылдың 01 желтоқсанындағы № 341 шешімімен бекітілген, "Бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткішін анықтау әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталады.

- 4) борыштық бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін ("таза емес"³ бағасы бойынша саудаланатын, борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) – осы бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға міндетті баға белгілеулерінің кірістілік мәні арасындағы 3,0 пайыздық нүктені құрайды *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 5) "таза емес" бағасы бойынша саудаланатын борыштық бағалы қағаздардың міндетті баға белгілеулері үшін, – осы бағалы қағаздарды сатып алуға міндетті баға белгілеуінің 5,0 % құрайды *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1.6. Қандай да бір атаудағы акциялар бойынша ең үздік міндетті баға белгілеудің бағасы осы атаудағы акциялармен жасалған соңғы мәміленің бағасынан (осы атаудағы акциялармен бес және одан көп сауда-саттық күн бойы мәмілелер болмаған жағдайларды және осы атаудағы акциялардың сплитін немесе шоғырландыруын жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда) 30,0 %-дан аса өзгермеуі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.
 - 1.7. Қандай да бір атаудағы борыштық ("таза емес" бағамен саудаланатын, бағалы қағаздардан басқа) бағалы қағаздар бойынша ең үздік міндетті баға белгілеуінің кірістілігі осы атаудағы борыштық бағалы қағаздармен жасалған мәміленің кірістілігінен (осы атаудағы борыштық бағалы қағаздармен бес және одан көп сауда-саттық күн бойы мәмілелер жасалмаған жағдайларды қоспағанда) 10,0 пайыздық нүктеден аса өзгермеуі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.
 - 1.8. "Таза емес" бағамен саудаланатын, қандай да бір атаудағы борыштық бағалы қағаздар бойынша ең үздік міндетті баға белгілеудің бағасы осы атаудағы борыштық бағалы қағаздармен жасалған соңғы мәміленің бағасынан (осы атаудағы борыштық бағалы қағаздармен бес және одан көп сауда-саттық күн бойы мәмілелер жасалмаған жағдайларды қоспағанда) 30,0 %-дан аса өзгермеуі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.

2 бөлім. ТАЙМ-АУТТЫҢ ШАРТТАРЫ

- 2.1. Акциялар бойынша тайм-аутты сауда-саттық күнінің, осы қосымшаның 1.1 тармағында белгіленген, кез келген уақытында пайдалануға болады, осы кезеңде таум-аутты міндетті баға белгілеу толық немесе жартылай қанағаттандырылғаннан кейін⁴ пайдалануға болады.
- 2.2. Осы қосымшаның 2.1 тармағының талаптары қолданылмайтын, бағалы қағаздар бойынша, тайм-аутты сауда-саттық күннің кез келген уақытында пайдалануға болады.
- 2.3. Өтімділіктің екінші және үшінші класындағы бағалы қағаздар тізімінде тұрған акциялар бойынша тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтылығы, бір сауда-саттық күн барысында 15 минутты құрайды.
- 2.4. Осы қосымшаның 2.3 тармағының талаптары қолданылмайтын, бағалы қағаздар бойынша тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтылығы, бір сауда-саттық күн барысында 30 минутты құрайды.

³ Шығарылым қасиеттері мен шарттары олардың бағасын номиналды құнынан (қарыз номиналынан) тиімді етіп пайызбен есептеуге мүмкіндік бермейтін, борыштық бағалы қағаздар "таза емес" бағамен саудаланады.

⁴ Маркет-мейкер жариялаған міндетті баға белгілеуін толық немесе жартылай қанағаттандыру деп, жиынтық мөлшері осы баға белгілеудің мөлшеріне тең немесе осы баға белгілеудің негізінде басқа Биржа мүшесінің берген қарсылама өтінімі мөлшерінен кем мәміле (мәмілелер) жасасуды түсіну керек.

3 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 3.1. Биржа мүшесі сауда-саттық күн барысында жасасқан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды (осыдан бұрын жариялаған міндетті баға белгілеулер негізінде) сатып алу-сату мәмілелерінің жиынтық көлемі осы атаудағы бағалы қағаздардың ең үздік баға белгілеуінің минималды көлемінің бес-еселі көлеміне жетсе, осы атаудағы бағалы қағаздардың маркет-мейкері осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күн барысында әрі қарай міндетті баға белгілеулерін жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
- 3.2. Егер Биржа мүшесінің сауда-саттық күні барысында осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша (бұдан бұрын өзі жариялаған міндетті баға белгілеулері негізінде) жасалған мәмілелерінің жиынтық көлемі осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша ең үздік баға белгілеулердің минималды көлемінен кем болмаса, қандай да бір атаудағы маркет-мейкері сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні барысында осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулерді әрі қарай жариялаудан және/немесе қолдаудан бар тартуға құқылы, бұл ретте осы атаудағы бағалы қағазбен жасалған соңғы мәміленің баға ауытқуы алдыңғы сауда-саттық күніндегі жабылу бағасынан немесе – осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабылу бағасы болмаған жағдайда – ағымдағы сауда-саттық күніндегі ашылу бағасына мынадай мәндерден жоғары болуы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*:
- 1) үлестік бағалы қағаздар бойынша 7,0 % *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) борыштық бағалы қағаздар бойынша ("таза емес" бағалармен саудаланатын, борыштық бағалы қағаздардан басқа) кірістілік мәндерінің 5,0 пайыздық нүктесі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген)*;
 - 3) "таза емес" бағамен саудаланатын, борыштық бағалы қағаздар бойынша 7,0 % *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

4 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ЖЕҢІЛДІГІ. АЙРЫҚША ШАРТ

- 4.1. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың маркет-мейкері Биржаға осы атаудағы бағалы қағаздың сатып алу-сату мәмілелері бойынша, Биржаның мүшелік жарналар туралы және биржалық алымдар туралы ішкі құжаттарына сәйкес (осы қосымшаның 4.2 және 4.3 тармақтарында белгіленгеннен басқа) осындай мәмілелерге қатысты қолданылатын мөлшерлемесінен 50 %-ға азайтылған, мөлшерлемесі бойынша комиссиялық алымдар төлейді.
- 4.2. Осы қосымшаның 4.1 тармағының күші мыналарға қатысты қолданылмайды:
- 1) жекешелендірілетін ұйымдардың мемлекеттік акциялар пакетімен жасалатын мәмілелер;
 - 2) репо операциялатына жататын, мәмілелер;
 - 3) тікелей мәміле жасасу әдісімен жасалған, бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері.
- 4.3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың маркет-мейкері мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесі, Биржаның комиссиялық алымдары есептелген, күнтізбелік ай барысында осы Биржа мүшесінің осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер міндеттерінің кез келгенін орындамау жағдайы туындағанда, осы қосымшаның 4.1 тармағында белгіленген жеңілдік алу құқығынан айырылады.

- 4.4. Бағалы қағаздардың маркет-мейкерлері өз міндеттемелерін тиісті орындамауы салдарынан Биржа мүшелері айтарлықтай қаржылық шығынға ұшырау жағдайы туындағанда, Биржа Басқармасы уақытша, он сауда-саттық күннен аспайтын мерзімге, осы қосымшаның 1.5 тармағыда белгіленген, спрэдтарының максималды мәндерін ең көбі екі есеге кеңейтуге (көбейтуге) құқылы.

Фьючерстер бойынша маркет-мейкердің

МАМАНДАНЫМЫ

1 бөлім. МІНДЕТТІ БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.1. Фьючерстің қандай да бір жеке атауына қатысты Биржалық кеңестің шешімімен өзгесі белгіленбесе, ең үздік баға белгілеудің минималды көлемі Биржа Басқармасының шешімімен орнатылады.
- 1.2. Қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәні, фьючерстер нарығының бірқалыпты немесе құбылмалы жағдайына қарай, Биржа Басқармасының шешімімен белгіленеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1.2.1. Қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша міндетті баға белгілеудің бағасы, осы атаудағы фьючерспен жасалған соңғы мәміле бағасынан, Биржа Бас қармасы шешімімен белгіленген, өлшемнен аспауы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*
- 1.3. Қандай да бір жеке атаудағы фьючерс бойынша ең үздік міндетті баға белгілеудің минималды көлемінің мәнін және/немесе қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша міндетті баға белгілеулерге арналған спрэдтің максималды мәнін өзгерту бойынша Биржа Басқармасының шешімі туралы Биржа, осы шешімнің өз күшіне енуінен кемінде 10 жұмыс күн бұрын, тиісті жаңалықты Биржаның интернет-сайтында жариялау арқылы, фьючерстер бойынша маркет-мейкердің назарына жеткізеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

2 бөлім. ТАЙМ-АУТТЫҢ ШАРТТАРЫ

- 2.1. Фьючерстер бойынша тайм-аутты сауда-саттық күннің кез келген мезгілінде қолдануға мүмкін.
- 2.2. Қандай да бір жеке атаудағы фьючерстер бойынша тайм-ауттың бір сауда-саттық күні барысындағы максималды ұзақтылығы 30 минутты құрайды.

3 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 3.1. Қандай да бір жеке атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер, осы Бижа мүшесі сауда-саттық күн барысында жасасқан қандай да бір атаудағы фьючерстердің (осыдан бұрын жариялаған міндетті баға белгілеулері негізінде) сатып алу-сату мәмілелерінің жиынтық көлемі осы атаудағы фьючерстердің ең үздік баға белгілеуінің минималды көлемінің екі-еселі көлеміне жетсе, осы атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер осы атаудағы фьючерстер бойынша сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күн барысында әрі қарай міндетті баға белгілеулерін жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

4 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ЖЕҢІЛДІГІ. АЙРЫҚША ШАРТТАР

- 4.1. Қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер, Биржаның мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы ішкі құжатына сәйкес, көлемі фьючерстер нарығының бірқалыпты немесе құбылмалы жағдайына қарай Биржа Басқармасының шешімімен бекітілген, дисконтқа⁵ азайтылған Биржаға комиссиялық алымдар төлейді.
- 4.2. Қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесі, фьючерстермен жасалған мәмілелер бойынша Биржаның комиссиялық алымдары есептелген, күнтізбелік ай барысында осы Биржа мүшесінің осы атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер міндеттерінің кез келгенін орындамау жағдайы туындағанда, осы қосымшаның 4.1 тармағында белгіленген жеңілдік алу құқығынан айырылады.
- 4.3. Биржа Басқармасы фьючерстер нарығының жағдайын бірқалыпты немесе құбылмалы деп, осы нарықтың түрлі параметрлерін, соның ішінде фьючерстердің баға ауытқуының көлемін ескере отырып, дербес түрде анықтайды.
- Сондай-ақ, Биржа Басқармасы фьючерстер нарығының жағдайын бірқалыпты немесе құбылмалы деп, фьючерстер бойынша маркет-мейкерлердің фьючерстер нарығының жағдайын құбылмалы деп мойындау туралы өтініштері (еркін түрде құрастырылатын) негізінде анықтауға құқылы.
- 4.4. Маркет-мейкерлер туралы қағиданың 7 бабында белгіленген жауапкершілік фьючерстер бойынша маркет-мейкерлерге қатысты қолданылмайды.
- Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген ерекше шарт, фьючерстер нарығында өтімділіктің белгілі деңгейіне жеткен кезде, Биржалық кеңестің шешімімен күші жойылады.

⁵ Дисконт, Биржаның мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы ішкі құжатына сәйкес есептелетін, комиссиялық алымдарды төлеу үшін, пайызбен белгіленетін, жеңілдік болып табылады.

Шетел валюталары бойынша маркет-мейкердің

МАМАНДАНЫМЫ

1 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРГЕ (МАРКЕТ-МЕЙКЕР БОЛУҒА ТАЛАПКЕРГЕ) ЖӘНЕ МІНДЕТТІ БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.1. Шетел валютасы бойынша маркет-мейкердің мәртебесіне иеленген немесе осындай мәртебе алуға ниеттенген, Биржа мүшесінің меншікті капиталы АЕК 1.000.000-еселі көлемінен кем болмауы тиіс.
- 1.2. Биржалық кеңестің шешімімен қандай да бір атаудағы шетел валютасына қатысты өзгесі белгіленбесе, шетел валютасын сатып алуға (сатуға) ең үздік баға белгілеудің минималды көлемі:
 - 1) Америка Құрама Штаттарының доллары бойынша (бұдан әрі – доллар) – 500.000 долларды;
 - 2) Ресей Федерациясының рублі бойынша (бұдан әрі – рубль) – 5.000.000 рубльді;
 - 3) Қытай Халық Республикасының юані бойынша (бұдан әрі – юань) – 100.000 юаньді құрайды.
- 1.3. Спрэдтің максималды мәні:
 - 1) доллар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін – 0,1 теңгені;
 - 2) рубль бойынша міндетті баға белгілеулер үшін – 0,01 теңгені;
 - 3) юань бойынша міндетті баға белгілеулер үшін – 0,03 теңгені құрайды *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1.4. Шетел валюталары бойынша маркет-мейкерлері өз міндеттемелерін тиісті орындамауы салдарынан Биржа мүшелері айтарлықтай қаржылық шығынға ұшырау жағдайы туындағанда, Биржа Басқармасы уақытша, он сауда-саттық күннен аспайтын мерзімге, осы қосымшаның 1.3 тармағыда белгіленген, шетел валюталары бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтардың максималды мәндерін ең көбі екі есеге көбейтуге құқылы.
- 1.5. Қандай да бір атаудағы шетел валютасы бойынша ең үздік баға белгілеуінің бағасы осы атаудағы шетел валютасымен жасалған соңғы мәміленің бағасынан (осы атаудағы шетел валютасымен соңғы бес және одан көп сауда-саттық күн бойы мәмілелер жасалмаған жағдайларды қоспағанда) 10,0 %-дан артық өзгермеуі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.

2 бөлім. ТАЙМ-АУТТЫҢ ШАРТТАРЫ

- 2.1. Шетел валюталары бойынша тайм-аутты сауда-саттық сессиясы барысында кез келген уақытта қолдануға болады.
- 2.2. Қандай да бір атаудағы шетел валютасы бойынша әр сауда-саттық сессиясы барысындағы тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтылығы (осы қосымшаның 2.3 тармағында белгіленген ерекшелікті қоспағанда) 15 минутты құрайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

2.3. Доллар бойынша маркет-мейкер таңертеңгі сауда-саттық сессиясы барысында, сондай-ақ Алматы уақытымен 12.30-дан 14.00-ге дейін күндізгі және кешкі сессиялар барысында өз міндеттерін орындамауға құқылы.

Рубль бойынша маркет-мейкер Алматы уақытымен 12.30-дан 14.00-ге дейін күндізгі сессиясы барысында өз міндеттерін орындамауға құқылы.

(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).

2.4. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*

3 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Қандай да бір атаудағы шетел валютасы бойынша маркет-мейкері, осы Бижа мүшесі сауда-саттық күн барысында жасасқан қандай да бір атаудағы шетел валютасын (осыдан бұрын жариялаған міндетті баға белгілеулер негізінде) сатып алу-сату мәмілелерінің жиынтық көлемі осы атаудағы шетел валютасының ең үздік баға белгілеуінің минималды көлемінің бес-еселі көлеміне жетсе, осы атаудағы шетел валютасының маркет-мейкері осы шетел валютасы бойынша сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күн барысында әрі қарай міндетті баға белгілеулерін жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

4. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ. АЙРЫҚША ШАРТТАР

4.1. Биржаның мүшелік жарналар және биржалық алымдар туралы ішкі құжаттарымен шетешл валюталарының маркет-мейкерлері үшін ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеу бойынша жеңілдік орнатылуы мүмкін *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

4.2. Рубль (юань) бойынша маркет-мейкер рубль (юань) сауда-саттығына қатысқан жағдайда, Биржаның өзге мүшелері рубль (юань) бойынша маркет-мейкердің міндетті баға белгілеулеріне қатысты тек қарсылама өтінімдер беруге құқылы және тек осындай қарсылама өтінімдер негізінде мәміле жасасуы тиіс.

4.3. Шетел валюталарының маркет-мейкерлеріне қатысты Маркет-мейкерлер туралы қағиданың 6 бабы 2 тармағының ережелері қолданылмайды.

4.4. Маркет-мейкерлер туралы қағидада және осы маманданымда маркет-мейкерлерге арнатылған талаптар, тыйымдар, шектеулер және айрықша шарттар, тек есептесуі сауда-саттық күніндегі долларға қатысты (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) қолданылады.

Егер қандай да бір сауда-саттық күнінде Бижа есептесуі сауда-саттық күніндегі доллар бойынша сауда-саттық өткізбесе, Маркет-мейкерлер туралы қағидада және осы маманданымда маркет-мейкерлерге арнатылған талаптар, тыйымдар, шектеулер және айрықша шарттар, тек есептесуі жуырдағы күнде долларға қатысты қолданылады, мұнда T – доллардың сауда-саттық күні, n – Биржаның тиісті банк-корреспонденттерінің доллармен есеп айырысуларын жүзеге асыруда үзілістің ұзақтылығы (мұнда $0 < n < 3$)

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 26 қыркүйегіндегі және 04 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген).